



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



# ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 3 (наурыз, 248) 2023 жыл

## ӨЗБЕКСТАН БҰҰ-да АРАЛ ТЕҢІЗІ МӘСЕЛЕСІН ҚОЗҒАДЫ



Еліміздің інжу-маржаны жиылған көгілдір су айдыны қайта толуы мүмкін. Иә, арал тағдыры – адамзаттың уайымына айналды деген осы.

22-24 наурыз аралығында БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде ұйымның су мәселесіне арналған конференциясы өтті.

Аталған жиында мұхиттар мен теңіздердің әлем назар аударарлықтай жаһандық бастамалары талқыланды. Оған БҰҰ-ға мүше барлық елдер мен ықпалды спикерлер қатысты. Халықаралық қауымдастық мұндай конференцияға ара 45 жыл салып, алғаш рет жиналды. Осы орайда көршілес мемлекет Өзбекстанның да айтары мен ұсынары көп болды. Бұған дейін Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі отырыстарына қатысқан сайын Арал мәселесін көтеріп келеді.

23 наурызда конференцияның жоғары деңгейдегі пленарлық отырысында делегация мүшесі болып келген Саида Мирзиёева да үнсіз қалмады. Ол Арал теңізінің дағдарысы – адамның қоршаған ортаға

немқұрайлы қарауының салдары екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, президент Шавкат Мирзиёев көтерген бастамалар халықаралық деңгейде қолдау тауып, 2021 жылы БҰҰ-ның Арал өңірін экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жариялау туралы қарары қабылданғаны, ал одан сәл ертерек – 2018 жылы Адам қауіпсіздігі үшін көпжақты серіктестікке негізделген траст қоры құрылғаны атап өтті. Сөз соңында Саида Мирзиёева халықаралық қауымдастықты Өзбекстанның жаһандық су мәселесімен тығыз байланысты Арал трагедиясының зардаптарын жоюдағы күш-жігерін қолдауды жалғастыруға шақырды.

Алдағы саммиттің мәні мен маңызы конференцияның аясында «Су ынтымақтастық үшін: су ресурстары саласындағы трансшекаралық және халықаралықынтымақтастық, сектораралық, оның ішінде су саласындағы ғылыми байланыстар және тұрақты даму күн тәртібіндегі су мақсаттарына қол жеткізу» тақырыбындағы сессияда және қор ұйымдастырған халықаралық сарапшылардың қатысуымен «Өнерден әрекетке: Арал өңірін жандандыру үшін шөлді орманға айналдыру» тақырыбында өткен панельдік пікірталас барысында жан-жақты айтылды.

Түркі әлемінің көңіл төрінде тұрған тұрлаулы тақырыбы алдағы уақытта бір шешімін табар деген үмітіміз жоқ емес. Көтерілген көк теңіздің келбетін көрер күн қайта туатынына сенеміз!

## Көктемнің шуақты мерекесі – Наурыз құтты болсын!

Көне заманнан бері келе жатқан аз-Наурыз түркі халықтарына ортақ мереке. Қыс көбесі сөгіліп, табиғат әлем көктеген шақта түркі әлемінің аузы аққа тиеді. Тамырын терең тартқан мейрамда бауырлас халықтар тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, мол дастархан жайылады.

Ондағы мақсат: ел мен ел, жер мен жер арасындағы береке-бірлікті сақтау.

Ендеше ұлыстың ұлы күні:

үйіңізге тыныштық пен береке;  
отбасыңызға бақыт пен амандық;  
жүрекке қуаныш пен шабыт;  
жан-дүниеңізге үйлесімділік әкелсін.



Халықаралық «Түркі әлемі» газеті

## 15 наурыз – МАЖАРСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ КҮНІ

1948 жылы 15 наурызды Мажарстан халқы арайлы азаттығына қол жеткізеді. Бүгінде Мажарстан Революцияның 175 жылдығын үлкен қуаныш пен тойлауда. Өйткені 175 жылдан бері Мажарстан еркіндік пен бостандықтың бақытын сезінуде. Мажарстан халқы Қазақстанды өздерінің тарих қойнауында қалған ата-жұрты деп санайды. Тіпті Мажар тілі мен қазақ тілінің лингвистикалық сәйкестіктер де жоқ емес. Сондықтан Түркі әлемімен тамырлас Мажар халқын Халықаралық «Түркі әлемі» газеті мен Халықаралық Түркі академиясы Ұлттық мерекемен құттықтай отырып, ынтымақ пен құт-береке, ырыс-несібе тілейді. Халықаралық Түркі академиясы

Халықаралық Түркі академиясы және  
Халықаралық «Түркі әлемі» газеті

## ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

Соңғы жылдары Түркі әлемінің әдеби, мәдени, рухани өмірінде жаңару мен жаңғыру басым. Қаламы қарымды азаматтар үшін сырлы да, сазды әдебиет әлемінде тағы да жағымды жаңалық! ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Султан Раевтың бастамасымен түркі әлемінің жазушылар одағын біріктіру туралы шешім қабылданды.

Нақтылап айтсақ, Әзербайжан, Қазақстан,

Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және Түркменстанның жазушылар одағының басшылары одақ құру туралы келісімге қол қойды. Түркі әлемінде алғаш рет құрылып отырған одақтың төрағалығына Ұлықбек Оразбайұлының кандидатурасы ұсынылып, бірауыздан мақұлданды. Оразбайұлы бұл жұмысты қазіргі қызметімен қатар алып жүреді. Енді Түркі дүниесінің жазушыларынан тың жаңалықтар күтеміз.

**TEM TOUR**  
TRAVEL AGENCY

IATA ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына  
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES KLM  
Lufthansa BRITISH AIRWAYS

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111  
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36  
Абылай хан к., 71  
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01  
effcket@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5  
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306  
Ұялы тел.: +7 701 203 1660  
astana@temtour.net

AFIYET MANGAL

Улица Казыбек би, 75  
+7 (707) 525-41-93

AFIYET  
РЕЦКИЙ ДВОР • МЯСО

## SELAMÜNALEYKÜM DEĞERLİ KARDEŞLERİMİZ!

*Bizim Türkler ile kanımız bir kardeş halk olduğu tarihten beri belidir. Medeniyet ve kültürel ilişkilerimiz çok derindir ve sağlam temeller üzerinde kuruludur. Bundan dolayı tüm dünyadaki Uygur halkı, şahsen Kazakistan Uygurları Türkiye'de yaşanan büyü deprem sonucu, yaşamını yitiren pek çok insanlardan dolayı derin üzüntü hissediyoruz. Böyle zor durumda, yakınları kayıp eden ailelere ve tüm Türk kardeşlerimizin üzüntülerine ortağız ve taziyelerimizi iletiyoruz. Şimdi Kazakistan Uygur edebiyatının izcileri olan "Varis" Edebi-İcadiyet Birleşmesi, yaşanan doğal afet acısını derinden hissederek, duygularını şiirler ile ifade etmiştir. Alta genç kalemlerimiz Vilayam Molotov ve Sabirem Enverova tarafından yazılan iki şiiri sizlere taktim etmekteyiz.*

### BAĞRIN VAR

*Türkiye'deki sarsıcı depremde kurban olanlara mersiye*

Yer cihanı zelzeleye uğratan,  
Yayıldı gitti şom afetin sedası.  
Yüreğimde nasıl tutmayım matem ben,  
Kulağımda çınlasa kardeş feryadı.  
Azap çeken kardeşlerin ahları,  
Kurtuluş dileyip gökyüzüne ulaştı mı?  
Huzurla yatan atalar ruhu,  
Mezarlarından ayağa kalktı mı?  
Bastığın toprak sallanıp, silkilenip,  
Yıkıldığında binlerce bina, imaret.  
Ben de yıkıldım, tenim ürperip,  
Kalbim bihoş, içim kızıl kıyamet.  
Sanki yardım arayıp uzattım elimi,  
Harabeler altında kâh yatarcasına.  
Ayrılığın derdi yüklenip sırtıma,  
Gam taşları yanlarıma batarcasına.  
Onsuz da iki gözüm idi yaş,  
Sen kaygılı, ben de yine yas var.  
Sabir edesin, dik durasın kardeş,  
Olup dert ortağı-medet veren bağrın var!

Vilayam Molotov  
7 Şubat 2023, Almatı.  
Tercüme: Sultan Karakaya

### SARSILDI TÜRKİYE – SARSILDI DÜNYA

Sarsıldı Türkiye –  
Sarsıldı dünya.  
İnanasın gelmez hiç,  
Düş gibi sanki...  
Habersiz uykuya dalan kullar,  
Sonsuzluğa uyudu, yıkılıp bina...  
Yıkıldı binalar,  
Yıkıldı arzular.  
Bu dünya aldattı,  
Bu dünya yalan!  
Yastığa başını koyan kullar,  
Tabuta girip, gömüldü, bakın?!  
Gömüldü genç-yaşlı,  
Gömüldü umut...  
Kaldı yer, kaldı para,  
Kaldı mal mülk.  
Gece yorganını örtse kul,  
Yarını kefenini giyindi "ölü"  
Giyindi bir gece,  
Giyindi beyaz kumaş...  
Ağlattı herkesi,  
Bu külfet, bu dert.  
Kim bilsin ecel gelir ne zaman?  
Uykudan uyanmak ne kadar büyük baht!

Sabirem Enverova  
Tercüme: Sultan Karakaya  
12 Şubat 2023, Almatı.

## ЖАСТАР МЕКЕНІ

*Жас мұраты, білім, тәлім – талабы...  
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы.*

Илияс Жансүгіров

Жастар – кез келген елдің болашағы, ұйытқысы, ертеңі. Сондықтан, елдің ертеңі жарқын болуы үшін оларға барлық мүмкіндіктерді ұсынып, білім мен тәрбиені бойларына барынша сіңіру қажет. Жалпы, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз жастарды қолдауға басымдық беріп, осы бағытта көптеген шараны жүзеге асырып келгені белгілі. Әсіресе, соңғы уақытта ел жастарына көңіл бөлу, оларды барынша жан-жақты қолдау жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізілуде. Мұның басты айғағы ретінде 2019 жылдың «Жастар жылы» деп жариялануын айта аламыз. Еліміздің екінші басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бағытта берген тапсырмалары аясында нақты әрі жүйелі шаралар қабылданып, жүзеге асырылған еді. Әрине, бұл міндет тек бір жылдың көлемінде шектеліп қалған жоқ. Жастарды қолдау шарасы жылдар бойы дәстүрлі түрде жалғасын да тауып келеді.

Осы орайда бүгін елімізде, жоғары оқу орындарымызда жас ұрпақты көтермелеу, ел ісіне тарту, заман талабына сай бейімдеу бағытында атқарылған шаруалардың бірқатарына тоқталып, ескеріп өтуді жөн көріп отырмыз.

Постиндустриалды қоғам жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі жоғары инновация мен технологияға қарай айқындалады. Осы тұрғыда біздің дана халқымыз «Асыл тастан – ақыл жастан» дегенді бекер айтпаса керек. Қазақстан дамушы мемлекеттердің қатарында болғандықтан еліміздегі әрбір жастың өзіндік орны мен идеясы өте маңызды! Біздің санамыздан туатын жаңа идеяларымыз, ойларымыз бен жаңалықтарымыз еліміздің ертеңі үшін аса қажет. Тек осындай толассыз еңбек пен шығармашылықтың арқасында ғана елімізді ғаламдық технологиялық үрдістермен сәйкестікте дамыта аламыз. Елімізде дамудың инновациялық жаңғырту үдерісіне сай бірнеше тәжірибелер мен жаңа идеяларды айқындау, қолдау мақсатында жаңа арнайы алаңдар құруға жағдай жасап отыр. Мысалы, интеллектуалды-шығармашылықты шыңдау мақсатында және талантты жастарды анықтау үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын «Мен жастарға сенемін!» атты үлкен әрі ауқымды республикалық форумдар өтіп отырады. Бұл жоба 6 жылдан бері бірнеше бағыттар бойынша өз қызметін атқарып келеді. Форумды өткізудегі ең басты мақсат – студент жастардың Қазақстан болашағына деген азаматтық жауапкершілігін көтеру және патриоттық сезімін арттыру болатын. Осы мақсатта еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастардың көзіндегі жалыны мен ұсынған тың жобаларынан-ақ еліміздің ертеңін бағдарлай аламыз.

Сондай-ақ, біраз жылдар бойы студенттердің сәттілігіне айналған «Болашақ», «Академиялық ұтқырлық» бағдарламалары арқылы біздің Қазақ Ұлттық Жоғары оқу орнының студенттері өзге мемлекеттерді аралап, мол тәжірибе жинауда. Осы мысалдардан-ақ біздің мемлекетіміз, оның ішінде ҚазҰУ сияқты алпауыт оқу орындары мен барша білім беру мекемелері жастарды қолдау мекеніне айналып отырғанына куә боламыз!

Азат Е., Ханжаппар Д., Бейсен Н.

## КАЗНУ ИМ АЛЬ-ФАРАБИ, КАФЕДРА «ТЮРКСОЙ» КАК ПЛАТФОРМА НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ДЛЯ ПРОГРЕССИВНЫХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ



Селенай Кошумджу - преподаватель турецкого языка с опытом работы более 15 лет! Молодой, подающий большие надежды специалист уже имеющий степень "Доктор наук", и являющийся неотъемлемой частью академической семьи факультета "Тюркской" университета КазНУ им Аль-Фараби.

Селенай Кошумджу, носитель турецкого языка, успешно обучает турецкому языку студентов, желающих изучить культуру и язык братского турецкого народа, с 2008 года. Будучи действующим преподавателем полного рабочего дня, Селенай продолжает учиться сама, постоянно совершенствуя навыки преподавания и искусство обучения общению на иностранном языке. Целью преподавания молодой специалист ставит не только формирование успешной языковой личности, но также воспитание хорошего человека, который будет приносить пользу обществу и обладать вечными общечеловеческими ценностями. Обучая в ведущих университетах Казахстана, Селенай всегда демонстрировала глубокое уважение к личности студента, стараясь повлиять на их будущее в самом позитивном ключе. Немало усилий со стороны учителя было приложено привитию студентам навыков и компетенций, которые позволяют им быть востребованными специалистами-языковедами. Детальное планирование урока, продуманная подготовка к каждому занятию всегда обеспечивает студентам этого молодого специалиста увлекательное путешествие в мир турецкого языка, тем самым мотивируя их и повышая их академическую успеваемость.

Селенай Кошумджу выделяет огромное желание двигаться в ногу с технологическим прогрессом и внедрять в процесс преподавания последние технические новинки для улучшения и повышения качества образовательных услуг. Интегрированные уроки и использование технических дивайсов неотъемлемая часть занятий.

События последних лет внесли существенные изменения в то, как мир живет сегодня, каждая сфера жизнедеятельности человека была видоизменена и адаптирована к новым условиям. Если мы говорим об образовании, то новые требования диктуемые временем и положением оказали только положительное влияние на модернизацию формата обучения. Перед всеми педагогами стояли четкие задачи по улучшению навыков дистанционного/онлайн обучения. Тренинги, консультации и демо занятия подготовленные нашей сотрудницей Селенай Кошумджу помогли десяткам учителей без стресса освоить технические навыки ведения уроков в онлайн формате, в совмещенных форматах, открыв возможность выхода на большую аудиторию слушателей и делая процесс обучения более доступным. Сам учитель активно пользуется разнообразными образовательными платформами для обмена опытом по методике преподавания турецкого языка для иностранцев как в онлайн так и в офлайн режимах.

Будучи представителем турецкой культуры, молодой специалист не может не делиться частичкой турецкого мира со своими коллегами и студентами. Культурные мероприятия, которые рассчитанные на повышение осведомления о турецкой культуре, фольклоре, традициях, а также на укрепление дружбы народов, регулярно подготавливаются и проводятся под руководством Селенай. Талантливый и инициативный педагог ни раз была организатором воспитательно-образовательных программ, круглых столов, встреч, предоставляя коллегам и студентам возможность обмена опытом и профессионального общения.

Народная мудрость гласит: учитель перестает быть учителем, когда перестает учиться, за время своей преподавательской карьеры, Селенай никогда не прекращала свой образовательный путь. Ее труды публи-

куются в ведущих педагогических журналах, проекты и семинары посещаются многими коллегами и студентами. Образование должно приносить практическую пользу - считает молодой специалист, задача педагога не только поделить предметными знаниями, но и сформировать личную дисциплину, которая направит и поможет выстоять в дальнейших научных и карьерных поисках.

Студенты редко следуют тому, что преподаватели говорят им делать, они чаще всего смотрят на то, что преподаватель делает сам! Именно поэтому решением прогрессивного специалиста было выучить казахский язык и быть примером для своих студентов. Овладев национальным языком, педагог кафедры "Тюркской" наглядно демонстрирует тот факт, что все главное это-желание!

Селенай Кошумджу, ролевой педагог современности, молодой, амбициозный, готовый к трудностям, свершениям, горящий идеей "всезможности", верящий в студентов и в то, что самое интересное еще впереди!

и.о., доцент, кафедры Тюркской:  
Дулаева Эльнара Зильпикаровна,  
PhD, доктор наук Халел Агнур









## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДА ДӘСТҮРЛІ «ТҮРК АПТАЛЫҒЫ» МЕРЕКЕСІ ӨТТІ

көрсетіліміне арналған болатын. Танымал фильмдердің ішінен 2017 жылы шыққан «Айла: соғыс қызы» атты түрік фильмі (режиссері Джан Улкай) таңдалып, студенттердің назарына ұсынылды. Фильм Түркиядағы «Шет тіліндегі үздік фильм» номинациясы бойынша Оскар сыйлығына ұсынылғанын еске салуымыз керек.

Түрксой кафедрасындағы 15-ші наурызда өткен «Түрік апталығының» 3-ші күні - түрік халқының мәдениеті мен қолөнеріне арналған болатын. Кештің қонағы Ханифа Жаңалтай ханым арнайы шақырылып, Түрксой кафедрасының студенттеріне түрік халқының қолөнері мен сурет салу өнері жайлы ақпаратпен бөлісіп, өзі жасаған бұйымдарымен таныстырды. Түрксой кафедрасының 1,2,3-курс студенттері де түрік тәттілері, түрік киносы мен театры, түрік мұражайлары туралы презентация жасап, келген қонақтардың көңілінен шықты.

Апталықтың 4-ші күні студенттердің арасында түрік тілінде өлең оқуға арналды. 2023 жылдың 16 наурызында өткен жыр кешіне Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының студенттерімен қатар, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен де студенттер қатысып, өз бақтарын сынады. Кеште 30-дан астам түрік ақындарының өлеңдері оқылып, әділ-қазылар тарапынан бағаланды.

Апталықтың бесінші күні – түрік халқының құда түсу мен хна кеші рәсіміне арналған. Түрксой кафедрасының 1-курс студенттері түрік сериялындай «құда түсу» дәстүрін театрландырылған қойылым ретінде өнерін көрсетті: болашақ күйеубаланың өз сыйлығымен қыз үйіне алғаш рет келуі (Kız İsteme), қыздың болашақ қайындарына кофе дайындауы (Türk Kahvesi), болашақ күйеубаланың қызды жақтауы (Gelin Alma), екі жастың некесі, екі жастың алғашқы түрік биі, қалыңдықтың қолына хна жағу дәстүрі (Kına Gecesi), қызды шығарып салғанда рәсімдер (Halaylar), неке тойына келген

қонақтарға сыйлықтың таратуы, т.б. түрік халқының салт-дәстүрлері біздің кафедра студенттеріміздің тарапынан көрсетіліп, көрермендердің көңілдерінен шықты. Осы кештің ұйымдастырушылардың бірі, әдемі дәстүрмен жарқын таныстырған аға оқытушымыз – ф.ғ.к., доцент Дулаева Эльнара ханымға алғысымызды білдіреміз.

Қорыта келгенде, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының ұйымдастырған жыл сайынғы «Түрік апталығы» мерекесі 2023 жылы түрік тарихы, түрік кино күні, дәстүрлі түрік қолөнері күні, түрік тілінде өлең оқу байқауы, түрік халқының «құда түсу» дәстүрі сынды бағдарламаларын қамтыды. Мерекенің жабылу салтанатында апталық барысында өткізілген іс-шараларға қорытынды жасалып, жүлделі орындарға ие болған және белсенділік танытқан студенттер марапатталды. Биылғы дәстүрлі апталықтың басты ұйымдастырушысы, кафедраның барлық шараларына тер төгіп жүрген, таптырмас қызметкер, кафедраның аға оқытушысы, PhD Селенай Кошумджу ханымға, сонымен қатар Түрксой кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Г. Теменоваға, кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К. Жанатаеваға, 1-2-3 курс әдвайзерлеріне (Өбелдаев Ж., Шуншина Мета Н., Исаханова М.), кештің барлық қонақтары мен әділ-қазыларына (Шадкам З., Назарова А., Құрманәлі А.) және осындай басқа да ғылыми, мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырып отырған Түрксой кафедрасының барлық оқытушыларына алғысымызды білдіреміз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Түрксой кафедрасының аға оқытушысы, PhD Кайранбаева Назым Нургельдиевна

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының ұйымдастырумен өткен 2023 жылдың 13-17 наурыз аралығында дәстүрлі «Түрік апталығы -2023» мерекесі өтті. Мерекенің ашылу салтанатына шығыстану факультетінің деканы Н.Ем, Түрксой кафедрасының меңгерушісі К. Габдуллин, кафедра оқытушылары мен 1-2-3 курс студенттері мен қадірлі қонақтар қатысты. Ашылу салтанаты бауырлас екі елдің әнұранымен басталып, Түркия Республикасы туралы (Түркияның мемлекеттік Әнұранының қабылдануы, Мехмет Акиф Ерсой тұлғасын еске алуы, 18 наурыз - Чанаккале жеңісі мен шәйіт батырларды еске алу күніне арналған) бейнебаяндарымен жалғасын тапты.

Шығыстану мамандығының 2-курс студенті Анер Арланның дайындаған «Түркияның Қаһраманмараш қаласында болған зілзала» туралы бейнебаян отырған барлық көрермендерге әсер қалдырды.

Салтанатты жиынның соңында түрік халқының ұлттық тағамдары, тәттілері, әйгілі түрік тоқаштары, «сарма» тағамы студенттер мен келген қонақтарға ұсынылды.

«Түрік апталығы» мерекесінің екінші күні түрік кино



## БІЛІКТІ МАМАН – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұжымында ұстаздарға аса мән беріп, үлгі тұтып, ұлағат ету арқылы жастарға жан-жақты тәрбие беру - университеттің ғылыми-зерттеу университеті болып қалыптасу барысындағы маңызды ұстанымдардың бірі болып табылады.

Еліміздің жас дарынды мамандарын халыққа таныта білу, оларды дәріптеп докторант, магистрант және студенттердің өміріне үлгі ету - жастардың ғылымға деген қызығушылығын оятып, ұлттық білім мен ғылымның дамуына, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлесін қосады. Білікті әрі білімді ұстаздарымыз, студенттерге тұжырымдамалар мен теорияларды түсінуге көмектесе отырып, материалдарды бірнеше жолмен өте анық менгертеді, қиындықтар туындағанда шыдамдылық танытып, табысқа жетуге ғана емес, сонымен қатар сәтсіздіктерге де мүмкіндік береді, шәкірттерінің білімдерін дамытып, жастарға қамқорлық көрсетіп,

креативті ойлау арқылы табысқа жетуге жетелейді. Ұстаздарымыздың терең білімі мен көпжылдық тәжірибесінен дәріс алу, жоғары адамгершілік қасиеттерінен үлгі алу - жалынды, саналы жас буын, біз үшін үлкен мақтанш. Бұл біздің рухани-жігерімізді тәрбиелеп, ғылымға деген құштарлығымызды жетілдіре түседі.

ҚазҰУ- еліміздің мәртебесін асқақтата білетін, халық мүддесін жоғары қоятын жастар легін тәрбиелеген және қазіргі уақыт шеңберінде тәрбиелеп келе жатқан, болашақта да тәрбиелей беретін дәрежесі жоғары білім ордасы. Мен өмірімдегі ең күрделі де, жауапты да қадам жасағанда осы университетті таңдауым дұрыс шешім екендігінің тағы да бір дәлелі осы.

Жәми Б.А., PhD докторы,  
“Теориялық және ядролық физика”  
кафедрасының аға оқытушысы.  
Слямхан К.М., “Теориялық және ядролық физика” кафедрасының 4 курс студенті.

CTZ GROUP  
since 2003

www.ctzgroup.kz  
www.propanel.kz

- ❄️ Камера шоковой заморозки
- ❄️ Морозильная камера
- ❄️ Холодильная камера
- ❄️ Сэндвич панели минплита
- ❄️ Сэндвич панели ППУ
- ❄️ Доборные элементы
- ❄️ Дверь распашная
- ❄️ Дверь откатная
- ❄️ Сплит система
- ❄️ Моноблок
- ❄️ Металлоконструкция

ПРОИЗВОДСТВО ПОСТАВКА МОНТАЖ

☎ +7 776 225 62 04

✉ sales@ctzgroup.kz

📍 пр. Суюнбая 66 В,  
Алматы / КАЗАХСТАН

# БІЛІМІ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ - БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

«БІЛІМДІГЕ ДҮНИЕ ЖАРЫҚ, БІЛІМСІЗДІҢ КҮНІ КӘРІП» ДЕГЕН ДАНА АБАЙ АТАМЫЗДАН ҚАЛҒАН НАҚЫЛ СӨЗДІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕ ОЙМАҚТАЙ ОЙЫП ОРЫН АЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ. РАСЫНДА, БІЛІМІ БАР АДАМДЫ ЖАРҚЫН ДА ЖАРЫҚ БОЛАШАҚ КҮТЕДІ. АЛ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ИЕСІ – БҮГІНГІ ЖАСТАР. ЕЛ ЕРТЕҢІ ДЕ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІ ЖОҒАРЫ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ ЕЛІМІЗ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ.

Егемен еліміздегі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Тәуелсіз ел атанып, өз алдымызға дербес мемлекет болғалы жыл сайын білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан реформалар мен мемлекеттік бағдарламаларды жастардың болашағына салынып жатқан құнды инвестиция деп ойлауымыз керек. Жалпы, кез келген мемлекеттің даму жолы, экономикалық, әлеуметтік жағдайының жақсаруына, халқының жақсы күн көруіне тікелей апаратын даңғыл жол – сол елдің біліміне тікелей қатысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Болашақта бәсекеге қабілетті жастар санының артуы үшін бүгінгі заман талабына сай білім беру жүйесін егжей-тегжейлі меңгеріп, болашақ мамандарға өз мамандығының қыры мен сырын жан-жақты меңгертіп, білікті маман даярлау – оқытушылардың басты міндеті.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жарқын болашағы жастардың қолында. Сондықтан Қазақстан жастарының бәсекеге қабілетті, білімі мен біліктілігі жоғары болып қалыптасуы үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдарында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізіп келеді. Қай ел жүйелі, отандық білім берсе, сана мен парасат бәсекесінде еңсесі биік болса, сол мемлекеттің ұрпағы ғаламдық өркениетте өз үстемдігін жүргізеді. Бұл сөзді қазақ зиялылары, Алаш арыстары да кезінде айтып кеткен. Сондықтан да біз жаһандық білім беру жүйесіне өзіміздің ұлттық болмысымыз бен отандық білім беру жүйесі арқылы енуіміз керек. Қазір шет ел асып білім алып жатқан жастар көп. Ол әрине, үлкен қуаныш. Қысқасы, ұлттық өзегіміз өртенбесін десек, бір-бірімен тығыз байланысып жатқан буындарды біріктіріп, нығайта түсетін жалпы ұлттық білім беру жүйесінің тұжырымдамасы бойынша білім алған жастарға артылатын сенім де, үміт те көп. Мұндағы мақсат – өркениет деңгейіндегі тәуелсіз елдің рухани тәуелсіз, білімді, білікті, рухты азаматын дайындап шығару.

Біз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан салалық кадрларды қолдау жөніндегі саясатын күшейтетін боламыз. Біздің міндетіміз – халықаралық деңгейдегі сұранысқа ие мамандарды тәрбиелеу. Жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін бұл нақты және ашық жұмысты талап ететін жауапты міндет. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім саласындағы инновациялық өзгерістерге толық дайын. Қазір әлемді капитал емес, оны құратын адамдар басқарады. Біздің міндетіміз – халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды тәрбиелеу. Бұл тұрғыда нақты жоспар бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Білім реформасы – баршаға ортақ ұлт мүддесінен, ұрпақ қамынан туындаған іс. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу және сұрыптау қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуды ұмытпауымыз керек.

Қазақстан – білім-ғылым жолындағы кластерді қалыптастыру арқылы ғана бәсекеге қабілетті интеллектуалдық ресурстарды орнықтырып, әлемдік ықпалдастықпен бірге интеграция жағдайында халықаралық білім-ғылым кеңістігінен өз орнын алатын болады. Мұндай биік деңгейге жету үшін ұстаздар қауымы бірлесіп отырып жүйелі жұмыс жүргізуде шаршауымыз керек. Бұл биікті бағындыруда біздің тәуелсіз мемлекетімізде мүмкіндік те, жағдайда бар.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының аға оқытушысы Катбаева Гүлмира**



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНА СӘЙКЕС



Әлемдік тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) - бұл кедейлік пен кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттар. Осыған орай 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді ([https://economy.kz/kz/Celi\\_ustojchivogo\\_razvitija](https://economy.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija))

Әлем елдерінің қатарында Қазақстан да Тұрақты Даму Мақсаттарын орындау міндеттерін өз мойнына алып егеменді ел ретінде барлық бағыттар бойынша жаһандық мақсаттарға сәтті қол жеткізуді жоспарлап белсенді жұмыс істеуді бастап кетті. Осы негізгі бағыттарды өскелең ұрпаққа жеткізіп түсіндіру үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де оқытушы-профессорлар құрамы өз жұмыстарын бастады. Үстіміздегі жылдың 17-наурызында ҚазҰУ-нің филология факультетінің шет тілдері кафедрасының оқытушылары Г. А. Гайипова мен Е. Н. Михальченко Кыргыз республикасындағы М. М. Адышев атындағы Ош технологиялық университетінің шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Кадырбердиева Бусалима мен біргелікте тұрақты даму мақсатына сәйкес негізгі бағыттардың бірі болған «Салауатты өмір салты» тақырыбында «Қазақстан-Қырғызстан» телекөпірін ұйымдастырды. Іс-шараға ҚазҰУ-дың «Ақпараттық технологиялар» факультетінің және ОшТУ-дың 1 курс студенттері, аталмыш оқу орныдарының оқытушы-профессорлары қатысты. Біздің бұл телекөпірдің мақсаты – өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттау және олардың бойында салауатты өмір салтына тұрақты мотивацияны ояту болып табылады.

ҚазҰУ студенттері Қырғызстандық достарымен берілген тақырыптар бойынша презентациялар дайындап қызықты мәліметтерін бөлісті, содан кейін қатысушыларға ҚазҰУ-ның және ОшТУ-дың оқытушылар қауымы өз пікірлерін білдіріп және алғыстарын айтты. Телекөпір өте қызықты, мазмұнды өтті және әр студент осы телекөпірден өзі үшін пайдалы нәрсе қабылдады деп ойлаймыз. Телекөпір ZOOM платформасында ағылшын тілінде ұйымдастырылды.

**КазНУ, Филология факультеті, шет тілдері кафедрасының аға оқытушылары Гайипова Г. А., Оразбаева А. Қырғызстан, ОшТУ шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы Кадырбердиева Б. М.**



# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Қазіргі әлем карусельге ұқсайды. Айналамыздағы барлық нәрсе ессіз қарқынмен шаршамай дамып, өмір миллиондаған ашық түстермен жарықтандырылуда. Бұл әлемде ең мықтысы жеңеді, бірақ бүгінде тек күштірек болу жеткіліксіз: XXI ғасырдағы өмір – бұл шексіз бәсеке, ал алға ұмтылу үшін сіз одан да ақылды, батыл және табысты болуыңыз керек.

Білім – әлемдік аренада танылудың кепілі, өйткені білім – шекараны бұзатын орасан зор күш. Бұл күш көкжиектерді кеңейтуге, стереотиптерді жоюға және мүлдем жаңа, революциялық және әдемі нәрсені жасауға қабілетті. Білімі бар адамдар ешқашан көлеңкеде қалмайды, өзін-өзі дамытады, айналасындағылардың бәрін дамытады.

Саналы, білімді ұрпақ ешқашан көлеңкеде қалмайды. Ол мыңдаған шамдармен, мыңдаған жанып тұрған жүректермен жарқырайды, мұндай жастар мемлекет дамуы-

ның қиын жолын жарықтандырады. Сол қиын жолдан өту барысында, жоғары білікті жаңа буын мамандарын даярлауда жоғарғы оқу орындарының атқаратын міндеттері ерекше.

Бұл алдымен білім беру саласы, оны бағалау үшін халықаралық талаптарды ұстану, менеджменттің жаңа деңгейін және ұжымды басқарудағы заманауи тәсілдерді пайдалану қажет.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және студент бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында лайықты іс-шаралар атқарылуда. Осындай стратегиялық міндетті шараларды орындау барысында халықаралық талаптарға сәйкес елімізде жоғары білім беру жүйесін дамыту-

дың лидері ғана емес, сондай-ақ қоғамның, білімнің, экономикалық инновациялардың дамуына елеулі үлес қосатын еліміздегі жетекші ірі оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің орны бөлек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім беру кеңістігін одан әрі интеграциялауға, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, жоғары білім беру саласындағы әлемдік көшбасшылар қатарына кіру үшін оларды өндіріске енгізуге бағытталған жеткілікті білім беру, ғылыми-зерттеу, инновациялық және өндірістік әлеуетке ие. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басым міндеттерінің бірі жаңа білім алу және беру үшін негіз болатын қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулерді дамыту. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында әлемдік деңгейдегі заманауи ғылыми зерттеулер жүргізу ғылымды қажетсінетін үздік университеттермен бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Қазақ Ұлттық университетінің әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының арасынан орын алуы – бұл университетіміздің еліміздегі жоғары дәрежелі білім беретін ең үздік оқу орны екендігінің дәлелі.

Ең үздік оқу орнының ең үздік студенттері университетімізді, елімізді танытуда аянып қалмасы сөзсіз. Сонымен қатар жоғарыда аталып өткен XXI ғасырдың шексіз бәсекелестігіне түсуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастарының да қосар үлесі зор боларына сенеміз.

**Э.М. Зульбухарова,  
Г.К. Тайманова  
Физика-техникалық факультетінің аға оқытушылары  
ҚазҰУ Стандарттау және сертификаттау мамандығының  
1-курс магистранты  
Бошанова Амангуль Саянқызы**

## КАЗНУ – ЭТАЛОН ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

*В науке нет широкой столбовой дороги, и только тот может достигнуть её сияющих вершин, кто, не страшась усталости, карабкается по её каменистым тропам*

-Карл Маркс

Что первым делом приходит в голову, когда мы говорим об образовании в Казахстане? Конечно же, КазНУ. Университет, который берёт свое начало в далёком прошлом, и по сей день является лучшим ВУЗом страны. Сегодня Казахский национальный университет имени аль-Фараби – это не только крупнейший в Казахстане образовательный и научный центр, это также ведущее учреждение системы высшего образования Республики Казахстан, первым прошедшее государственную аттестацию и подтвердившее право на осуществление образовательной деятельности по всем специальностям и уровням. История университета богата разнообразными событиями научно-образовательной и общественной жизни, она пропитана энтузиазмом молодых и мудростью наставников, мощной энергетикой знаний и силой научной мысли. Творческий поиск и кропотливый каждодневный труд многих поколений студентов, преподавателей и ученых по крупицам слагали славную судьбу Первого университета страны. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби был основан 15 января в 1934 году и заложил богатую историю в будущем. Особо следует сказать об университетском городке, широко известном как «КазГУград». История его началась именно в эти годы. В декабре 1970 года Совет Министров Казахской ССР принял решение о начале строительства первой очереди комплекса КазГУ, и в апреле 1971 года церемонией закладки фундамента главного корпуса начал осуществляться уникальный проект строительства КазГУграда. Именно таким образом была построена история лучшего университета страны. Сегодня Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, занявший 175 место в мировом рейтинге QS, является единственным казахстанским вузом, входящим в топ-200 лучших университетов мира. КазНУ динамично продвигается и в предметном рейтинге QS by Subject, второй год достигая в нем высоких показателей. Так же КазНУ им. Аль-Фараби входит в число 50-ти самых технологически развитых университетов мира. В рейтинге известной международной организации «GreatValueColleges» казахстанский вуз является единственным представителем не только стран-участниц СНГ, но и Восточной и Центральной Европы, а также наряду с Сингапуром и Японией представляет весь Азиатский континент. КазНУ - это город студентов. Здесь обучается молодежь со всех регионов республики. В 14 комфортабельных, соответствующих всем современным требованиям общежитиях КазГУграда общей площадью 81000 кв. метров проживают более 5 тысяч студентов. Также, при университете существует центр обслуживания студентов «Керемет». Это молодежный ресурсный центр для студентов, предоставляющий учебно-образовательные, медицинские, юридические, финансовые и культурно-развлекательные услуги. Особое внимание в центре уделили молодежной политике, объединив студенческие общественные организации в секторе молодежи. После окончания университета, студенты могут обратиться по вопросу трудоустройства, помимо этого, свои услуги предлагает административный, социально-бытовой сектор, банки, нотариус, юрист, туристские фирмы, авиа и железнодорожные кассы и многое другое.

На самом деле можно очень много говорить об истории этого ВУЗа, и о вкладов многих значимых и общественных личностей в университет, благодаря этим людям мы знаем КазНУ таким, какой он есть сейчас. На протяжении многих лет Казахский национальный университет преодолел множество препятствий на своем пути, и не смотря на все трудности КазНУ по сей день является лучшим ВУЗом страны. Мы гордимся своей историей и своим университетом, и только в наших руках будущее этого университета, и не только, в руках нашей молодежи будущее нашей страны!

Рустемов Дамир

## ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ТІМДІ ЭКОБОЯУДЫ НАРЫҚҚА ШЫҒАРДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдары тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісте әзірленген жаңа экологиялық, қауіпсіз, еріткішсіз акрилатты бояуларды нарыққа шығарды. Шағын өндіріс ЖОО ғалымдары тобының көпжылдық ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде жүзеге асты.

Коммерциялық жоба «Жақсартылған сипаттамалары бар еріткішсіз акрилатты бояулардың тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» деп аталады. Оның нәтижесінде коррозиялық белсенділігі жоғары, құны 15-20 пайызға арзандатылған, реагенттері аз, қалыпты температураны қолдана отырып жасалған экологиялық қауіпсіз акрилатты лак-бояу материалдарын алудың жаңа үнемді технологиясы әзірленді.

«Арнайы катализаторларды қосу – кептіру уақыты 12-24 сағатты құрайтын ұқсас эпоксидті немесе полиуретанды бояулармен салыстырғанда әлдеқайда жылдам 1-60 минутта кебетін жаңа өнімді алуға мүмкіндік берді», – дейді жоба жетекшісі PhD Лаура Агибаева.

Негізгі бәсекелестік артықшылықтары: үнемділік, өндірістің төмен температураларын қолдану аз уақытта, шамамен, 45 минутта алу технологиясы процестің қарапайымдылығы. Қызмет мерзімі кем дегенде 7-10 жыл, механикалық беріктігі жоғары, судың, химиялық, реагенттердің әсеріне төзімді өрі бояуларды қыста да, жазда да қолдануға болады.

Шағын өндіріс «Ғылым қоры» АҚ мен «WARDA STAR» ЖШС қаржыландыруымен жеке серіктестік аясында іске қосылды. Қазіргі таңда мұнда акрилатты бояудың екі маркасы шығарылады: «Base coat WS NG 302» негізгі еден жабыны. Ал «Primer WS NG 102» өнімі концентрацияланған акрилді праймер болып табылады, ол жабындардың адгезиясын жақсартады және бетон беттерін дайындауға арналған.

Сонымен қатар алынған өнім металл беттердің коррозияға қарсы жабыны ретінде паркингтер, сауда орталықтары, өнеркәсіптік кәсіпорындары және кез келген басқа нысандардың жабыны ретінде кең қолданысқа ие.

Акрилатты бояуға ұсынылатын баға тек Қазақстан нарығында бәсекелесуге ғана емес, сондай-ақ, өнімді ЕурАзЭҚ, елдеріне және алыс шетелдерге экспорттауға мүмкіндік береді.

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – БҰЛ КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІКТЕР ОРНЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстан Республикасындағы көптеген ғылыми және кәсіби салалардағы студенттер мен магистранттар және докторанттар үшін аса маңызды зерттеу институттарының бірі және сонымен бірге бірегей оқу ордасы. Өртүрлі және халықаралық профессорлық – оқытушылық құрам мен студенттерді тартуға, жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер мен оқытуды қолдауға және өртүрлі шетелдермен және аймақтармен академиялық қарым-қатынас орнатылған. Ол университет қызметінің барлық бағыттары білім мен оқуды ең жоғары деңгейде ілгерілетеді және өз күш-жігерінің нәтижелерін бүкіл әлемге жеткізеді.

Университетте сапалы білім алуға тырысатын әрбір студент үшін бірқатар лайықты мүмкіндіктер бар. Университетте Қазақстандағы ең ірі және ең бай кітапханалардың бірі орналасқан. Әбу Насыр әл-Фараби мұражайы – кітапхананың әрбір қонағы үшін ашық орын.

Қазақ Ұлттық университеті өзінің жас ғалымдарына жайлы жатақханалар ұсынатын студенттік қала болып саналады. Университет 5000-нан астам студенттерді қабылдайтын 14 үлкен жатақхананы ұсынады. Қазіргі кезде Қазақ Ұлттық университеті студенттері үшін көптеген жағдайлар жасалған. Соның бірі Керемет студенттерге қызмет көрсету орталығы. Осы орталықта студенттерге медициналық қызмет көрсету бөлімшесі, банк қызмет көрсету бөлімшелері орналасқан. Әр жыл сайын студенттердің денсаулық жағдайын тексеруге медициналық орталығына міндеттеледі.

Университет академиялық бағдарламалардың көрнекті және жан-жақты спектрін ұсынады. Жыл сайын ҚазҰУ-дың 2000-нан астам студенті тілдік тағылымдамадан, сондай-ақ шетелдік ғылым және білім беру мекемелерінде ғылыми тағылымдамадан өтеді. Университет жыл сайын ТМД, Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Таяу Шығыс және Азия елдеріне шетелдік жоғары оқу орындары мен ұйымдардың шақырулары бойынша халықаралық конференцияларға, кеңестерге университеттің 600-ден астам профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персоналының шетелдік іскерлік сапарларын ұйымдастырады.

Барлығын ескере отырып, осы оқу орнының магистранты ретінде мен орталық өз студенттеріне дұрыс оқуға және өсіп келе жатқан заманауи әлемге үйренуге көптеген мүмкіндіктер ұсынады деп сеніммен айта аламын.

ҚазҰУ магистранты Айболсын Ақниет Айболсынқызы,  
доцент Туякбаев Алтай Алишеревич

## ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ DIGITAL ALMATY ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСУДА



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғалымдары мен білім алушы жастары Алматыда өтіп жатқан «Digital Almaty 2023: жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» атты халықаралық форум жұмысына қатысуда.

Инновациялық технологиялар индустриясын дамытудың заманауи жаһандық сын-қатерлерін талқылаған

форумда әлемдік халықаралық сарапшылар, IT-қоғамдастық, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері бас қосып, тәжірибе алмасуда.

Цифрландыру саласындағы шараға ҚазҰУ ғалымдары білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды таныстырды. Алғашқы ұсынылған жоба «Жетілдірілген IBOX-әмбебап виртуалды құрылғы агентінің платформасы». Жобаның негізгі мақсаты зертханалық және өнеркәсіптік жабдықтардың жұмысын бақылаудың отандық бағдарламалық-аппараттық кешенін әзірлеуге бағытталған.

Келесі ғылыми жоба «Туризмнің цифрлық контентін жаңғырту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтар». Аталған жобаның миссиясы – ішкі туризмді дамыту арқылы ел экономикасын әртарапандыру және Қазақстанның туристік бағыттары туралы ақпаратты шоғырландыру болып табылады.

Ал «Al-Farabi сериялы университеттік наноспутниктерді әзірлеу және құру» жобасы бүгінге дейін Al-Farabi-1 және Al-Farabi-2 наноспутниктерін ұшырған жемісті жоба. Әлемдегі ең беделді университеттер мен коммерциялық ұйымдар осындай шағын ғарыш аппараттарын әзірлеу және құрумен айналысады. Жобаның негізгі мақсаты – наноспутниктерді әзірлеу саласында студенттердің білімі мен біліктілігін дамыту, командалық жұмыс, тайм-менеджмент сынды дағдыларды жетілдіру.

«Наноматериалдарға негізделген қабылдағыштар» жобасы өнімнің сипаттамаларын жақсартуға мүмкіндік беретін қабылдағыштарды жасау кезінде сенсор ретінде заманауи нанотехнологиялық тәсілдерді қолданады.

Алдын ала дабыл, ескерту беруді қажет ететін мекемелер өнімнің негізгі тұтынушылары болуы мүмкін. Олар: мектеп, ЖОО, өнеркәсіп орындары және т.б.

Сондай-ақ ауқымды шараға ҚазҰУ-дың «Компьютерлік инженерия», «Информатика», «Жүйелік инженерия» сынды білім беру бағдарламалары ұсынылды. Білікті IT мамандары бас қосқан шара екі күнге жалғасады.

Жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасы  
Магистрант Д.А.Амангелді,  
т.ғ.к Қ.Д. Байжұманов

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТҮРКІ ЕЛІНЕ 40 МЛН ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Түркиядағы жер сілкінісіне білім ордасының Басқарма Төрағасы Түймебаев Жансейіт Қансейітұлының бастамасымен 40 млн-ға жуық ақшалай, заттай көмек көрсетті. Бұған қоса, университет ішінде арнайы гуманитарлық көмек беру орталығы ашылды. Қазақстан атынан Түркияға жіберілген 100 киіз үйдің ішінде 20 киіз үй гуманитарлық орталыққа әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті атынан берілген. Сонымен қатар университет студенттерінің

қолдауымен зардап шеккендерге көрпелі-жастық, қалың төсеніштер және ересектер мен балалар киімдері жиналды. Жиналған жүк арнайы рейспен жіберілді.

Айта кетейік, Түркиядағы жойқын жер сілкінісі салдарынан кейін қаза болғандар саны 40 мыңға жақындаған. Біріккен Ұлттар Ұйымы зілзаладан зардап шеккен Түркияға үш айдың ішінде 1 миллиард доллар жинамақ ниетте екенін жазған. Бұл жағдай студенттерге үлкен өмірлік сабақ болды деп есептеймін. Біздің университет студенттерді тек білім сусынына ғана нәрлендірмей, адамгершілік, жанашырлық және қиын жағдайда бауырлас мемлекетімізге қамқор, тілекші болуды да үйреткендей. Қазақ Ұлттық университеті магистранты ретінде осындай қиын жағдайда өзге елге мейірім танытып, қол ұшын созған университетте білім алатыны мақтанамын.

**ҚазҰУ 1-курс магистранты  
Раимкулова Мадина  
ҚазҰУ к.т.н. К.Байжуманов**

## НЕТВОРКИНГ- МҮМКІНШІЛІКТЕРГЕ ЖАҢА ЕСІК

Алматы - Алатаудың баурайында жатқан ғажайып қала. Оның көрінісіне көз тоймайды. Өсем табиғатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алматы - арман қала, жастардың қаласы мүмкіндіктерге, жаңа белестерге қол жеткізуге болатындай болашақтың қаласы. Қазақстандағы әрбір оқушының арманы және менің де арманым болған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне оқуға түстім. Университетіміздің мектеп бітіруші түлектер арасында, еліміз бойынша да даңқы жоғары сұранысқа ие үлкен оқу ошағы. Осындай жоғары оқу орнына түскен студенттердің арманында шек жоқ.

Университет аумағында студенттердің білім мен ғылым өнер салаларында қабілеттерін ашатын сан-түрлі іс шаралар пікірталастар жүргізіледі, білім нәрімен сусындандырады. Қаламыздың жан-жақ түкпірінен жиналған студенттер бір бірімен танысып өздерінің бойындағы әлеуметтік ортаға бейімделуі. Өз бойындағы жаңа қасиеттерді ашуға өз ойларын ортаға салып бөлісуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуы. Абай атамыз айтқандай бір кірпіші болып қаланады. Университет аймағында өз кітапханасы, диагностикалық центрі, зертханалары, интернет орталығы мұражайлары және студенттердің бос уақытында демалатын саябақ бар. Одан бөлек студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет» бар. Студенттерге ҚазҰУ аумағында жоғары білім алуға жұмыс істеп, тәжірибе жасауына мүмкіндіктер берілген.

Болашақ- білімді ұрпақ қолында. Болашақтың кілті елдің ертеңі-білімді жастар. мемлекеттің дамуы өніп-өркендеуі тікелей жастарға байланысты. Сондақтан мамандығы бір студенттер өзара тізбектес байланыс құрып келеді. Бұл байланыста 21 ғасыр жастары жаңалап нетворкинг деп атап кетті. Іскерлік қарым қатынастың шеберлігі, яғни идеяларыңыз, жобаларыңызбен, дағдыларыңызға қызығушылық, танытатын көп адамға арналған іскерлік байланыстардың, кең желісі. Осындай кездесулерде студенттер өз ойларымен бөлісіп бізге түрлі бизнес идеялар мен шабыт бере алады. Нетворкинг мұғалімдер мен студенттер арасында жақсы дамыған. Күш бірлікте демекші студенттер осы нетворкингті жақсы дамытатын болса кез-келген мәселені шеше алады. Әрбір істеген ісіне мақсат қойып соған жетудің жолында жұмыс істеу мүмкіндігі пайда болар еді. Қазіргі кезде заман талабына сай желі және жұмыс деген екі бөліктен тұрады.

Жалпы, нетворкинг барлық салаға қажет. Өзін туралы айта отырып өзгелер туралы білу, танысу болып табылады. Мақсат қойып, соған жетудің жолында жұмыс істеу мүмкіндігі пайда болады. Нетворкинг жақсы дамыған жағдайда жаңа мүмкіншіліктерге есік ашылар еді.

**Физика-техникалық факультетінің аға оқытушылары  
Нұғыманова Айжан, Болосханқызы Бақытгүл.  
«Стандарттау және сертификаттау» мамандығының 4-курс студенті  
Қадерова Альбина.**

## СТУДЕНЧЕСКИЕ ГОДЫ В КАЗНУ – ТВОИ ВОЗМОЖНОСТИ!

Хочешь, чтобы твоя студенческая жизнь была интересной и познавательной, комфортной и незатратной?

В Казахском Национальном университете имени аль-Фараби есть такая возможность, благодаря студенческим организациям, которые разработали такие же студенты.

Студенческие годы – это время ярких, интересных и незабываемых впечатлений в жизни каждого. Это время, когда человек полон энергии, чувств и эмоций, интересных идей и планов, творческих замыслов и оптимизма, открыт для развития и совершенствования. У каждого человека остаются хорошие воспоминания о студенческой жизни. Как готовились к сессии, как ее сдавали, и как потом отмечали. Как не хватало стипендии, как собирали деньги на пачку макарон. Как собирались вечером и пели песню под гитару, как клеили обои в своей комнате, как ходили в походы.

Студенческая жизнь должна быть наполнена яркими воспоминаниями, интересными моментами. Только в университете эти поставленные цели могут быть достигнуты. Вся эта теплая атмосфера – у молодежи КазНУ!

Молодежь КазНУ им. Аль-Фараби – это молодые люди, у которых в глазах горит страсть, у которых есть огонь стремления покорить любые высоты! Комитет молодежных организаций КазНУ им. аль-Фараби – это объединение всех студенческих организаций и клубов по интересам. В КазНУ есть такие студенческие организации как: Сенат студентов, Профессиональный союз студентов магистрантов «Сұңқар», Высший студенческий совет, Общественный фонд «Көмек», Студенческое бюро по болонскому процессу, Научное студенческое общество, МК «Жас Отан», Отряд правопорядка и др.

Организации молодежи в КазНУ учит многому: командной работе, организации интереснейших мероприятий по тематическим проектам Ректора, помогает раскрыть твой потенциал, пробудить в тебе качества Лидера, повышает эффективность учебного процесса, формирует активную жизненную и гражданскую позицию, пропагандирует пользу здорового образа жизни, способствует полезным знакомствам с интересными и перспективными людьми, учит ценить свое время и умело совмещать учебу с активизмом, а так же способствует развитию талантов студентов.

В начале учебного года все молодежные организации КазНУ проводят прослушивание первокурсников, желающих принимать участие в творческой жизни университета, ведь сцена – отличное место для развития способностей и талантов каждого желающего.

В нашем КазНУ проходит большое количество различных мероприятий – от собраний, студенческих акций и мастер-классов, до масштабных конференций, концертов, конкурсов и проектов, которым необходимо медиа сопровождение. В течение учебного года Центром молодежных проектов и студенческих инициатив Университета организуются и проводятся различные культурно-массовые мероприятия: традиционные праздничные концерты и конкурсы (концерты ко дню защитника отечества и Международному женскому дню, Дню Победы; конкурсы «Ана тілі аруы, жігіт сұлтаны», «Мисс КазНУ», SSP (Smart student's project), «Лучшая студенческая группа» и др.).

Помимо творческих проектов наш университет способствует и развитию интеллектуальных способностей, эрудиции, логического, ассоциативного мышления студенческой молодежи. К примеру Научное Студенческое Общество (НСО) привлекает студентов к научной деятельности, к подготовке научных проектов, к научным конференциям, а также вносит свой вклад для проведения насыщенной студенческой жизни. А если возникают академические вопросы – обращайся за помощью в «СББП (Студенческое бюро по Болонскому процессу), основной целью которой является оказание поддержки и защиты интересов студентов и решение их академических вопросов. Разобраться в проблемных предметах на доступном языке тебе помогут обычные студенты, которые их уже освоили. Университет – твоя вторая семья, а в семье все помогают друг другу!

С годами вспоминается все самое лучшее. Каждый человек, который был студентом, может вспомнить много интересных историй из студенческой жизни, ведь это самое интересное время. Дорогие наши студенты, и все, кто только собирается поступать, студенческая жизнь в ваших руках, и только вам решать, какой она будет!

**ЖАНАЕВА АЙЗАДА, магистрантка 1 курса специальности «Стандартизация и сертификация (НИУ ИТМО)»  
НУРМУХАНОВА АЛЬФИЯ, к.т.н., ст. преподаватель кафедры  
теплофизики и технической физики**

## МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРГЕ КӘСІБИ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІЛДІ



Болашақ мамандықты таңдау барысында дұрыс шешім қабылдаған жөн. Бұл мектеп бітіруші түлектер үшін өте маңызды болып табылады. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті шығыстану факультетінің басшылығы мен профориентациялық жұмысқа жауапты оқытушылар Алматы қаласы мен аймақтардағы бірнеше мектептердің оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатымен онлайн-конференция өткізді.

Конференция барысында отандық жалпы білім беретін орта мектептер мен гимназия түлектеріне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті туралы, факультетте оқытылатын білім

беру бағдарламалары мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайлы толық ақпарат берілді.

Шығыстану факультеті төрт кафедрадан тұрады. Қытайтану кафедрасынан Е.А.Керімбаев, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасынан М.Пернеқұлова, Түркістан кафедрасынан Құрманәлі, А.А.Чакыроғлы, Қиыр Шығыс кафедрасынан Г.К.Шатекова өз кафедраларының жұмысы жөнінде баяндама жасап, оқушылар назарына ұсынды. Баяндамадан кейін әр кафедрадан бір студент сөз алып, шығыстану факультетін таңдау себептері, өз мамандығының артықшылықтары жайлы айтты, университет қабырғасындағы тәжірибелерімен бөлісті.

Одан кейінгі кезекте оқытушылар оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, мамандық таңдау бойынша пікір алмасты. Түйіндей келе, қалаған мамандығыңды құштарлықпен, сүйіспеншілікпен таңдау және сол жолда үздіксіз білім алу болашақта кәсіп пен еңбек сапасын, еңбек өнімділігін арттырады деген ойдамыз. Жалпы айтқанда, адамның келешегіне оң әсер етері сөзсіз.

**Шатекова Г.К., Серикбаева З.А.  
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушылары**





## АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

тер мен авторлық куәліктер саны жыл сайын ұлғаюуда. Осы жетістіктердің барлығын факультет оқытушылары мектеп оқушыларына жете түсіндірді. Оларды факультетіміздегі Huawei ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығымен, ұлттық нанотехнологиялар зертханасымен, сонымен қатар оқу зертханаларымен таныстырдық. Профессор-оқытушылар құрамы оқушыларға мамандықтар туралы мәліметтер берді. Физика-техникалық факультетінің түлектері білім мен технологиялардың кез келген жаңа салаларын белсенді меңгеріп, еліміздің еңбек нарығында өте жоғары бағаға ие болатынын атап айтты. Соңында факультет оқытушылары келген оқушыларды ҚазҰУ қалашығында орналасқан «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына, «Әл-Фараби» кітапханасына және де музейлерге апарып таныстыру жұмыстарын жүргізді. Ашық есік күні жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушылары Байжұманов Қ.Д., Зулбухарова Э.М. және магистрант Кетебаев З.Ж.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде 8-9 ақпан күні «FARABI UNIVERSITY OPEN DOORS» ашық есік күні өтті. Ашық есік күніне Алматы қаласындағы рейтингі жоғары мектеп-гимназия, лицейлердің бітіруші оқушылары шақырылды. Оларды атап айтсақ О.Жәутіков атындағы Республикалық физика-математикалық мектебі (РФМШ), Султан-Ахмет Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицейі, Медеу ауданы Алатау ш/а №7 орта мектеп, №40 орта мектеп, Бостандық ауданы, Орбита ықшамауданы №93 мектеп, №140 гимназия, №46 орта мектеп және №191.

Физика-техникалық факультеті – республиканың жоғары білім беру саласының көшбасшысы. Оқытушылар мен студенттер алдыңғы қатарлы әлемдік журналдарда мақалалар жариялайды, өнертабыстар, патент-



## ЛОНДОНДА ЕКІ ЕЛДІҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ТРЕНДТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы Жансейіт Түймебаев бастаған университет делегациясы Лондонда өткен ІХ Ұлыбритания-Қазақстан үкіметаралық комиссия отырысына қатысты. Жиында екі ел жоғары білімінің заманауи трендтері мен басымдықтары талқыланды. Ауқымды шара жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық арқылы мемлекетаралық байланыстарды нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Комиссия отырысына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы Жансейіт Түймебаев, UK international universities директорының орынбасары Марк Кросси, ҚазҰҚПУ Басқарма Төрайымы Гүлмира Қанай, Хериот-Уатта университетінің проректоры және вице-канцлер орынбасары, профессор Марк Биггс, «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Әнуар Жанғозин және өзге де ЖОО өкілдері келді.

Шара барысында министр Саясат Нұрбек «Қазақстан жоғары білім беру жүйесін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Ведомство басшысы жоғары білім беру жүйесінің жай-күйі мен жетістіктеріне тоқталып, Мемлекет басшысы алға қойған басым міндеттерге назар аударды.

Өз кезегінде UK international universities директорының орынбасары Марк Кросси «Ұлыбритания университеттері және олармен трансұлттық білім беру саласында табысты әріптестік қарым-қатынас орнату» тақырыбын қозғады. Сонымен қатар спикерлер өз сөзінде Қазақстан мен Ұлыбритания жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық әріптестікті орнату мен нығайтудың өзекті мәселелерін қарастырды.

Айта кетсек, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Ұлыбританияның Ланкастер, Лондон бизнес және қаржы мектебі, Орталық Ланкашир (UCLan), Бирмингем, Эдинбург бизнес мектебі, Хериот-Уотт, Тиссайд (Teesside), Оксфорд, Ноттингем сынды жоғары оқу орындарымен ұзақ жылдан бері ынтымақтастықта.

2022 жылы білім алушылар мен ОПҚ академиялық ұтқырлығы шеңберінде ҚазҰУ-дан 16 студент, 7 докторант, 17 оқытушы, екі постдокторант Ұлыбритания жоғары оқу орындарына барып, түрлі конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына және тағылымдамаға қатысты. Сондай-ақ тараптардың ғылыми әлеуетін нығайту мақсатында «Ньютон – әл-Фараби» серіктестік бағдарламасы әзірленді.

Қазақстан мен Ұлыбритания жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік қатынастарды кеңейту бағытындағы іс-шаралар әлі де жалғасуда. ІХ үкіметаралық комиссия отырысы барысында қойылған басымдықтар мен міндеттер бірлескен жобалар, ғылыми зерттеулер мен академиялық алмасулар бағытындағы жаңа жобаларға жол ашпақ.

**Қырықбай Еркеназым Мұратқызы  
Куйкабаева Айжан Аманғалиевна**

## АСЫЛ МЕКЕН

Білім – ең маңызды аспап  
Билл Гейтс

Өмір – адам баласының басын тауға да, тасқа да соғатын, атақ-абыройын биік шыңға да жеткізетін қызық дүние. Осы қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырда адам баласының ең алтын қазынасы – білім. Себебі, одан ешкім де басындағы білімін, қызықты естеліктерін тартып ала алмайды. Адам баласы қанша жыл өмір сүрседе, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар деуге болады. Қай жыл болсын мектебінен түлеп ұшқан жас түлектермен қатар осынау бір керемет кезеңнің табалдырығын аттап, балалықпен қоштасып, еркелігін артқа тастап, жаңа бір белеске аяқ басады.

Әр адам үлкен арманмен өмір сүретіні белгілі. Сол Алатаудай асқақ армандар талайларды еліктіріп, алып Алматы шаһарына жетелейді. Мектепті кеше төмамдаған түлектің ойында тек бір ғана дүние болатыны белгілі. Ол – жақсы оқу орнына түсу. Осы тұста талайды тұлға еткен, бұзықтарды тәрбиеге салып, білімдіні биікке жетелеген үлкен оқу орнының бар екенін айтпасақ та өзіңіз сезіп отырсыз. Әрине, ол - Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Осыдан бірнеше жыл бұрын біздің де арманымыз шындыққа айналып, қара шаңыраққа оқуға түстік. Университеттің есігін айқара ашқан күннен бастап, әр студентті жаңа әлем, жаңа адамдар, жаңа достар, жаңа мүмкіндіктер қол бұлғап күтіп тұрады. Оған қоса біздің асыл мекен әр тұлғаны қайталанбас тұлға етіп, елім-жерім дейтін патриотты тәрбиелеп, білім мен тәрбиені тең ұстайтынын ескерген жөн. Осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ. Ал оқу орнының бір бөлшегі атанған әрбір студент осы қонған бақты аялау оның әрі қарайғы менің басты міндеті екенін ұғынса екен. Әл – Фараби бабамыз өз сөзінде: «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет — тамаша әрекет», - деген екен.

Университет қабырғасында біз сол еркіндікті дұрыс пайдаланып, ҚазҰУ сыйлаған мүмкіндіктерді барынша жан – жақты пайдаланудамыз. Біздің мекенде біліктілігі жоғары, қазақтың керемет ақын – жазушыларының алдын көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған оқытушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер қызмет атқарып келеді.

Біліктіліктерінің басын қосқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінде 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық бағыт бойынша бакалаврларияттарды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Осы жерде білім алатын барша студенттер үшін жан-жақты даму үшін, көшбасшылық қабілетті қалыптастыру мақсатында, өз-өзін кемелдендіріп, еркін, заманауи дамыту үшін бар жағдай жасалған. Сол бар мүмкіншілікті пайдалана білу, әр студенттің өз қолында. Атап өтер болсақ, ғаламтор орталығы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтану бөлімшелері, студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет», компьютерлі-техникалық жабдықтар, аумағы кең спорттық кешен сынды орталықтар орналасқан. Онымен қоса ең бай кітапхана - Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Қойнауы кітапқа бай, зәулім сарайлы кітапханамызда әр студент өзінің керегіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады.

Осында оқитын және оқуға түсуді жоспарлап жүрген әр адам биік шыңға көтеріліп, өмірден, ғылым жолынан өз орнын ойып тұрып табуға жетелейтініне үлкен сеніммен қарауы тиіс. Мағжан Жұмабаев: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», - демекші арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны, асыл мекен – Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті!

**Қамбарбек П., Қуанышбаева Ж., Сарсембаева А.**



## РИЗАШЫЛЫҚ ПЕН АЛҒЫС

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген Алғыс айту күні мерекесі жұртшылықтың жүрегіне жылу, көңіліне мейірім сыйлады. Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті.

Алғыс айту күні – қиын заманда иық тіресе бірге еңсеріп, егеменді еліміздің қарқынды даму жолында бірге аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Бұл тағдыр төлкегімен Қазақ жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі ұлт өкілдерінің қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына деген шынайы ризашылығы мен алғысын білдіретін күн. Қазақ халқы сонау қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпашылықты бірге көтере білді. Осы күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпұлтты халқының ортақ тарихын, салт-дәстүрін құрметтеу күні болды.

Тойланғанына азғана уақыт өтсе де тарихы тереңде жатқан Алғыс айту күніне орай Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының профессор-оқытушы құрамы және 3-курс студент жастарының қатысуымен «Ризашылық пен алғыс» атты мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік басқосуда студент жастарға «месхет түріктері» не «ахыска түріктері» деп аталған түрік халқының қазақ жеріне қалай келгені жайлы түсірілген бейнебаян көрсетіліп, соңынан кафедраның аға оқытушысы түрік диаспорасының өкілі ф.ғ.к. Дулаева Эльнара Зилпикарқызы Қазақ халқына деген жүрекжарды алғысын білдірді. Алғыс пен ризашылық білдіру өзінді, өмірде барды бағалаудан басталады. Ендеше, бір-бірімізді бағалап, қадірлеп, ризашылығымызды білдіріп алғыс айта жүрейік!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Шығыстану факультеті  
Түрксой кафедрасының аға оқытушылары  
Н.М.Шуиншина Мета., К. Жанатаева



## СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік қоғамдастықта нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде танылды. Тәуелсіздік алудың қысқа тарихи кезеңінде Қазақстан түрлі өнімдерді өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың және өңдеудің жаңа прогрессивті технологияларын пайдалана отырып, әлемдік өркениетке интеграцияланып, экономикада серпіліс жасады.

Осы тұрғыда, тұтыну нарығында әртүрлі тауарлармен қанағаттандыру жағдайында стандарттау және сертификаттау саласындағы мамандарға сұраныс артуда.

Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дайындаған: 6B07501 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)», 7M07501 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» және 8D07501 – «Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасының рөлі мен маңызы артып келеді.

Бакалаврдың кәсіби қызмет саласы өнімдер мен қызметтердің жоғары сапасы мен қауіпсіздігіне, өндіруші мен тұтынушы үшін жоғары экономикалық тиімділікке бағытталған өнімге (қызметке), процеске (жұмысқа) және жүйеге қойылатын нормалардың, қағидалар мен талаптардың орындалуын белгілеу, іске асыру және бақылау болып табылады. Түлектердің кәсіби қызметінің объектілері: өнімдер (қызметтер), процестер (жұмыстар) және жүйелер; кәсіпорындар мен сынақ зертханаларының (орталықтар-

дың) жабдықтары; өлшеу, сынау және бақылау әдістері мен құралдары; стандарттау, сертификаттау, сапа менеджменті, метрология жүйелерінің нормативтік құжаттамасы; өндірістік, әлеуметтік және экологиялық қызметті метрологиялық қамтамасыз ету болып табылады. Бакалаврдың кәсіби қызметінің мәні нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттама; өлшеу, сынау және бақылау құралдары; метрологиялық қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар аталған мамандық иелері менеджер мен сапа жөніндегі маманнан сәйкестікті растау жөніндегі органның басшысы, сынақ зертханасы маманынан, ҚР Техникалық реттеу және метрология комитетінің бас маманы қызметіне дейін міндетін атқара алады.

«Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген және жоғары білім деңгейін, шығармашылық жұмысқа бейімділігін көрсеткен түлектер магистратурада немесе оқытушылық қызметте кейінгі оқуға ұсынылуы мүмкін.

Әмір Бақыт Тілеулесұлы,  
техника ғылымдарының кандидаты,  
Жылуфизика және техникалық физика  
кафедрасының аға оқытушысы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН – ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ

Қазіргі уақытта кез келген саланың басты артықшылығы мамандар әлеуетін дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігі болып табылады. Бәсекеге қабілетті мамандар – кез келген елдің болашақта өркендеуінің негізі. Сондықтан бұл мәселе біздің елімізде де өзекті болып есептеледі. Олар жаңа идеялар әкелуге, инновацияларды дамытуға, экономика мен қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында сапа мен өнімділікті арттыруға қабілетті болуы тиіс.

Бәсекеге қабілетті маманға қойылатын басты талаптардың бірі – білімі мен біліктілігін үнемі жаңартып, жетілдіріп отыру.

Қазіргі кезде техникалық прогрестің және технологиялардың даму тенденциялары тез өзгеру сипатына ие. Бәсекеге қабілетті маман дайындау білім беруден бастама алады. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, жоғары кәсіби құзыретті мамандарды дайындау.

Біздің еліміздегі алдыңғы қатардағы университеттердің бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда қомақты жұмыс атқаруда. Аталған оқу орнында қазіргі таңда 16 факультет бар. Факультеттер ішінде физика-техникалық факультетін ерекше атап өтуге болады. Бұл факультет университетіміздің қоғамдық және ғылыми бағыттарында өте

белсенді жұмыс атқарады. Біздің университетіміздің білім берудегі негізгі бағыты – келешекте нарық жағдайында бәсекеге қабілетті мамандар дайындау және сонымен байланысты сапалы білім беруді қамтамасыз ету. Айта кетер болсақ, стандарттау және сертификаттау оқыту бағдарламасы бойынша өнеркәсіптің кез келген саласында сапалы өніммен қамтамасыз етуде, техникалық реттеу және метрология саласында менеджер, зерттеуші және сарапшының тиісті құзыреттері бар, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, стандарттау және сертификаттау саласындағы теориялық, эксперименттік, басқарушылық зерттеулерге және бәсекеге қабілетті мамандар дайындаула.

Жалпы, бәсекеге қабілетті маман – тек өз жұмысын атқарып қана қоймай, үздіксіз жетілуге, жаңашыл идеяларды ұсынуға, сапаны басқарудағы жаңа технологияларды меңгеруге және сол бағытта жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылатын адам.

Багитова Салтанат Жарылгасовна,  
Жылуфизика және техникалық физика  
кафедрасының т.ғ.д., профессор  
Сайлауов Айдын Нурланович,  
Стандарттау және сертификаттау мамандығының  
магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

## КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ — МАЯК НАУЧНОГО МАСТЕРСТВА

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, расположенный в самом сердце оживленного города Алматы, Казахстан, является свидетельством приверженности страны научному прогрессу и академическому совершенству. Основанный в 1933 году, университет вот уже почти столетие является центром исследований и инноваций, привлекая в свои аудитории и лаборатории самые яркие умы со всего мира.

В основе научной деятельности университета лежит ориентация на междисциплинарные исследования, которые выходят за рамки традиционных границ и исследуют новые рубежи. Будь то естественные, социальные или гуманитарные науки, преподавателям и студентам предлагается заниматься своими увлечениями и расширять границы возможного. Этот дух исследования привел к множеству прорывов и открытий, которые оказали реальное влияние на мир.

Одним из выдающихся примеров научного мастерства университета являются его передовые исследования в области биотехнологии. Исследователи здесь работают над разработкой новых и инновационных методов лечения целого ряда заболеваний, от рака до болезни Альцгеймера, и их усилия уже дали многообещающие результаты. Современное оборудование университета и первоклассный преподавательский состав также сделали его местом назначения для ученых со всего мира, которые стремятся сотрудничать в этих важных проектах.

Помимо своей исследовательской деятельности, университет также занимается подготовкой нового поколения ученых. Благодаря его строгим академическим программам студенты знакомятся с новейшими теориями и методами, и им предлагается применять то, что они изучают, в реальных условиях. Такой практический подход к обучению

подготавливает их к карьере в научных кругах, промышленности или правительстве, а также дает им навыки и знания, необходимые для достижения успеха.

Но влияние университета выходит далеко за пределы его собственных стен. Являясь лидером научного сообщества, он даёт возможность своим студентам учиться и стажироваться за границей и регулярно проводит международные конференции, семинары и другие мероприятия, на которые собираются исследователи со всего мира для обмена идеями и совместной работы над новыми проектами. Эти мероприятия являются не только свидетельством стремления университета к научному совершенству, но и свидетельством его роли в качестве моста между различными культурами и дисциплинами.

В заключение, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби – это гораздо больше,

чем просто место для учебы. Это место, где следующее поколение ученых может исследовать свои увлечения и оказать реальное влияние на мир. Благодаря междисциплинарному подходу, передовым средствам и стремлению к совершенству университет рекомендовал себя как маяк научной деятельности и сила, с которой придется считаться в ближайшие годы.

<https://www.kaznu.kz/kz>

Нуртуган Галымжан  
Магистрант 1-го курса факультета  
информационных технологий Казахского  
Национального университета имени аль-Фараби  
Куралова А. Т.  
Преподаватель английского языка кафедры  
иностраных языков, филологического  
факультета Казахского Национального  
университета имени аль-Фараби









**Маметова 67 А  
Самал-2, Д.48**

**Біз туралы / О нас**

Медициналық OEM құрылғыларында оқыған және мамандандырылған инженерлер тобы құрған Link Medical Systems – Еуропадағы алғашқы тәуелсіз сервистік компаниялардың бірі. Әлемдік нарықтағы 25 жылдық жұмыс тәжірибесі

Link Medical Systems, основанная группой инженеров, которые прошли обучение и специализируются на OEM-производителях медицинского оборудования, является одной из первых независимых сервисных компаний в Европе. 25 Лет опыта на мировом рынке

- **Кез-келген күрделілікке техникалық қызмет көрсету, орнату және жөндеу**
- **Қосалқы бөлшектер мен қолданылған құрылғыларды сату**
- **MPT және КТ орнату, Радиожиілік кабиналары, ramp-up, shimming**
- **Меншікті зерттеулер мен әзірлемелер**
- **MPT магниттерін салқындату, 100-ден астам магнитті біз сәтті салқындаттық**
- **Техническое обслуживание, установка и ремонт любой сложности**
- **Продажа запасных частей и б/у аппаратов**
- **Инсталляция MPT и КТ, RF shielding, ramp-up, shimming**
- **Собственные научно-исследовательские разработки**
- **Охлаждение магнитов MPT, более 100 магнитов успешно охлаждены нами**

**Байланыс/Контакты**  
 E-mail [info.kz@linkforge.com](mailto:info.kz@linkforge.com)  
 Тел 8 727 313 10 35  
 Web: [www.linkforge.com](http://www.linkforge.com)









**PEGAS**  
TOURISTIK

НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА

Instagram: [pegas\\_asia](https://www.instagram.com/pegas_asia)  
Website: [kz.pegast.asia](http://kz.pegast.asia)  
Phone: +7 700 022 2233  
Phone: +7 727 222 1818

**ROSETTA**  
SLEEPING SYSTEMS

**АДРЕСА:**  
г. Алматы, ул. Маметовой 72, уг. ул. Наурызбай батыра  
г. Алматы, кр. Кокмайса 26 Б/2 (Фабрика) 9  
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 4 блок, Линия F, 12 ряд, 51 бутик.  
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 3 блок, 10 ряд, линия D

**КОНТАКТЫ:**  
+7 701 951 37 03  
+7 701 951 37 05  
+7 701 351 76 39  
+7 727 333 44 10

Instagram: [ROSETTA.KZ](https://www.instagram.com/ROSETTA.KZ)

ROSETTA SLEEPING SYSTEMS

ROSETTA AMADEUS  
MEDICAL FULL ORTHOPEDIC LINE HYGIENIC ANTI-ALLERGIC

ROSETTA VISCOFORM  
MEDICAL FULL ORTHOPEDIC LINE FIRE RETARDANT HYGIENIC ANTI-ALLERGIC